

Тексерілді
«Нұрлы» «Мектеп -
объектін» балабақша кешені»
менгерушісі
 Ж. С Бердимбетова.

Ботақан ерте жас тобы

АШЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Ертегілер еліне саяхат

Тәрбиешілер: Раймбаева А.О

Сатынбекова Қ

2020-2021 ж

Тақырыбы: «Ертегілер еліне саяхат»

Мақсаты: Ертегідегі кейіпкерлерді атай білу, заттардың түсін, көлемін ажырата білу.

Балаларға қойылған сурақтарға дұрыс жауап беріп, сөздік қорларын дамытып, тіл байлықтарын молайту. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Достық пен жанашырлыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру, әдістемелеу.

Көрнекіліктер: «Шалқан, жеті лақ пен қасқыр, үйшік», ертегі желісі, бойынша суреттер, аю, түрлі-түсті қағаз, желім, сүлгі, ақ қағаз.

Шаттық шеңбері:

Шаттық шеңбері:

Білер қазақ баласы,

Сәлем сөздің анасы.

Алдымыздан кезіккен,

Көп апайды қарашы.

Бәріңе де ізетпен

Иліп сәлем береміз.

Сәлеметсіздер ме?

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс мезгілі.

- Қыс айларын атап беріндерші?

- Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

- Қыс айында ауа-райы қандай болады?

- Суық, аяз.

- Далада не жауады?

- Қар жауады.

- Қардың түсі қандай?

- Ақ түсті.

- Адамдар қандай киімдерін киеді?

- Жылы киімдерін.

- Балалар сендер ертегіні жақсы көресіңдер ме?

- Иә.

- Қандай ертегі білесіңдер?

- «Шалқан, бауырсақ, жеті лақ пен қасқыр, қызыл телпек, үйшік».

Бүгін бізде ерекше сабақ болады біз сиқырлы поездға отырып барлығымыз ертегілер еліне саяхатқа барамыз. (Балалар бір-бірінің иығынан ұстап пойыз дыбысымен жүреді)

1-аялдамаға келдік шалқан ертегісін слайд арқылы көрсету. Бұл қандай ертегі: - кейіпкерлерін айту.

2-аялдама – слайдпен жұмыс

- Бұл қандай ертегі?

- Шалқан ертегісі.

- Осы ертегілер кейіпкерлерін атандаршы?

- Ата, әже, немересі, күшік, мысық, тышқан.

- Ешкінің неше лағы бар?

- Жеті лағы бар.

- Ешкі тамаққа кеткенде лақтарына не айтып кетті?

- Ешкімге есікті ашпа.

- Қасқыр лақтарды қалай алдамақшы болды?

- Өлең айтып.

- Қане, балалар лақтар туралы тақпақ айтайықшы:

Шөре, шөре лағым,